

**«№4 Хромтау орта мектебі» КММ-нің жанында құрылған қамқоршылық кеңестің  
кезектен тыс отырысының хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:** 15.02.2022 ж

**Өткізілген орны:** «№4 Хромтау орта мектебі»

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы: Қамбарова К.Г.
2. Хатшысы: Қалдыбаева Н.А.
3. Кеңес мүшесі: Бегимбаева К.А.
4. Кеңес мүшесі: Биржанов К.К.
5. Кеңес мүшесі: Баймукашев Т.Е.
6. Кеңес мүшесі: Сорока И.А.
7. Кеңес мүшесі: Сулейменова Н.Х.

Қатыспағандар:

1. Кеңес мүшесі: Волненко Л.С.
2. Кеңес мүшесі: Габбасов А.Т.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Хромтау қаласы, «№4 Хромтау орта мектебі» КММ директорлық лауазымына үміткер Ешкеева Айгул Тулеуовнаның ұсынған №4 Хромтау орта мектебін дамытудың перспективалық жоспарын талдау.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Камбарова К.Г.

Хатшысы: Қалдыбаева Н.А.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. Қамбарова Куляим Габбасовна - қамқоршылық кеңес төрайымы**

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібіннің үлгілік қағидасының қамқоршылық кеңестің өкілеттілігі тарауындағы орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша Хромтау қаласындағы №4 Хромтау орта мектебі КММ-нің директорлық лауазымына үміткер тұлғалардың ашық конкурсының өткізілуін 2022 жылдың 25 қаңтардағы «Ақтөбе облысы білім басқармасы» ММ-нің Facebook парақшасында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ –сі мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшаларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының №4 Хромтау орта мектебі басшысына бос басшы лауазымына тағайындау үшін келісу жұмыстары жүргізіледі.

Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, №4 Хромтау орта мектебін дамытудың перспективалық жоспарының тиімділігін, өзектілігін анықтап, ұсыныстармен шешім қабылдануы қажет.

№4 Хромтау орта мектебінің директорлығы лауазымына ұсыныс білдіріп отырған Ешкеева Айгуль Тулеуовна қазіргі таңда №4 Хромтау орта мектебінде директордың у.м.а

болып қызмет атқарады. Білімі – жоғары, педагогикалық еңбек өтілі – 30 жыл, санаты , педагог - шебер, биология пәнінің мұғалімі. Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымына тағайындау конкурсына тестілеуден өткендігі туралы анықтамасы бар. Сұрақтарыңыз болса, соңынан қоя аласыздар.

### **СӨЙЛЕУШІЛЕР:**

**І.Ешкеева Айгуль Тулеуовнаға** сөз беріледі: Мектептің жұмысын саралай келе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жоспары негізінде 2022 – 2025 оқу жылдарына арналған мектептің даму бағдарламасын ұсынды.

Бағдарламаның мақсат – міндеттеріне толығырақ таныстырып өтті. Сонымен қоса **мектепті дамытудың басым бағыттарына** тоқталып, талдады.

- Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, орта білім беру мен тәрбиелеудің қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету
- Орта білім беру сапасын арттыру. МЖМБС сапалы жүзеге асыру.
- PISA халықаралық зерттеулердің нәтижелілігін арттыру бойынша жұмыс жүйелері
- Оқушыларға қосымша кеңейтілген білім беру сабақтан тыс уақыттағы әрекетін ұйымдастыру.
- Мектепті жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасы ретінде жабдықтау.
- Мектептің педагогикалық кадрларының кәсібилігін дамыту.
- Білім беру нәтижелілігі төмен оқушыларды қолдау жүйесін дамыту, дарынды балаларды қолдау жүйесін дамыту.
- Мектептегі тәрбие жұмысын ұлттық құндылықтарға негіздей отырып жетілдіру. Инклюзивті білім беруді дамыту.
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту керектігіне тоқталды.

**Даму бағыттарын жүзеге асыруда алдағы уақытта күтілетін нәтижелерді атап көрсетті:** Мектеп алды даярлықтағы балалардың дағдысы мен машығының даму индикаторлары жүйесіне сәйкес машығы мен дағдысының деңгейі жоғары және орта 5-6 жастағы балалардың үлесі.

Мектеп алды даярлық сыныптарда сапалы білім арқылы балалардың білім мен дағдысының дамуы артады.

Қауіпсіз және қажетті жағдай жасалынған білім беру, тәрбиелеу ортасы құрылады.

Мектеп оқушыларының халықаралық және ұлттық зерттеулердегі оң нәтижелері.

Үлгерімі «жақсы» және «үздік» (оқытудың сапасы) оқушылар үлесі.

Дарынды оқушылардың халықаралық, республикалық, облыстық олимпиада, зияткерлік байқауларда нәтижелілігі арттырылады.

Инклюзивті білім беру үшін қауіпсіз және қажетті жағдай жасалынған білім беру, тәрбиелеу ортасы.

Педагогтардың жалпы санынан білімді, білікті, креативті ойлайтын жас педагогтар үлесі артады.

Ұлттық құндылықтарға, ұлттық идеалдарға негізделген қосымша білім беру бағдарламалардың үлесі. Қосымша білім берумен қамтылған оқушылар үлесі. Қауіпсіз және

кажетті жағдай жасылынған білім беру, тәрбиелеу ортасын құруға баса назарға алып таныстырып өтті.

**Қамқоршылық кеңестің төрайымы Камбарова К.Г.:**

Конкурса қатысып отырған А.Т.Ешкееваның мектепті дамыту бағдарламасын тыңдай келе айқын көрсеткен мақсат- міндеттерін, күтілетін нәтижелерін нақты жүзеге асыратынына сенімдімін.

Құрметті қамқоршылық кеңес өкілдері, бағдарлама бойынша алып қосар ұсыныстарыңызбен сұрақтарыңыз болса қойып отырыңыз.

Қамқоршылық кеңес төрайымы мен мүшелері тарапынан жан- жақты сұрақтармен ұсыныстар қойылды.

Бірінші сұрақты кеңес мүшесі: Бегимбаева К.А: Мектепте ерекше білімді қажет ететін балаларға мектеп әкімшілігі тарапынан қандай жағдайлар жасалады?

А.Т.Ешкеева: Сіздің сұрағыңыз бойынша, мектепте ерекше білімді қажет ететін арнайы кабинет ашылды. Ол кабинетке күрделі жөндеу жұмыстары өтіп, қажетті құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілді. Әлі де керек түрлі – түсті үстелдер әкелу жоспарда тұр.Кітапхана қорына арнайы әдістемелік құралдар және оқулықтар қамтылады.Аудандық білім бөліміне 1 штат дефектолог, 1 штат логопед, 0,5 әлеуметтік- педагог және 0,5 психолог штатына сұраныс жасалып, мәселе қарастырылуда.

Екінші сұрақты қамқоршылық кеңес төрайымы Камбарова К.Г.: Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру үшін мектепте қандай үйірмелер жұмыс жасайды?

А.Т.Ешкеева: Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру үшін мектепте үйірмелер жұмыс секциялар жұмыс жасалынауда. Сонымен қатар, Ұлттық құндылықтарды , салт- дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Алтын оймақ»үйірмесі(13-15 жас аралығындағы қыз балаларға), «Сегіз қырлы- бір сырлы» (12-15 жас аралығында ұлдарға арналған) келесі оқу жылына жоспарлануды.

Үшінші сұрақты кеңес мүшесі Биржанов К.К: Материалдық, техникалық базаның жақсаруына қандай жұмыстар жүргізіледі?

А.Т. Ешкеева: Материалдық, техникалық базаның жақсаруы үшін мектепте жұмыстар жүргізілуде. Мектепте ең алдымен интернет жүйесі мәселесі шешілуде. Сонымен қатар, мектеп камералары, компьютерлік паркін жаңалау, жоғары сынып оқушыларына партамен отырғыштарды жаңалау жұмыстары жүргізіледі. Оқу жылының соңына дейін аталған жұмыстар іске асырылатын болады.

**Қамқоршылық кеңес мүшелері бір ауыздан шешім етті:**

Қамқоршылық кеңестің мүшелері «№4 Хромтау орта мектебі» КММ директорлық лауазымына үміткер Ешкеева Айгул Тулеуовнаның ұсынған №4 Хромтау орта мектебін дамытудың перспективалық жоспарын талдауын тыңдай отырып, кеңес мүшелері дауыс берумен бір ауыздан Ешкеева А.Т.,№4 Хромтау орта мектебінің директорлық лауазымына сәйкес деп танылып, келісілді.

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы: *КГ* Қамбарова К.Г.
2. Кеңес мүшесі: Бегимбаева К.А. *Бегимбаева*
3. Кеңес мүшесі: Биржанов К. К. *Биржанов*
4. Кеңес мүшесі: Баймукашев Т.Е. *Баймукашев*
5. Кеңес мүшесі: Сорока И.А. *Сорока*
6. Кеңес мүшесі: Сулейменова Н.Х. *Сулейменова*
7. Хатшы: Қалдыбаева Н.А. *Қалдыбаева*